

2023 жылғы май айының рекордтары

Айдың басында республиканың батыс жартысында, ал айдың ең соңында Қазақстанның басым бөлігінде жаз мезгіліндегідей ыстық ауа райы байқалды, бұл температуралық рекордтарға алып келді. Мысалы, 1 мамырда Маңғыстау облысында Аққұдық метеостанциясында ең жоғары ауа температурасы $+34,1^{\circ}\text{C}$ тіркелді, осылайша 2005 жылғы рекорд ($+33,9^{\circ}\text{C}$) жаңартылды, Сам метеостанциясында ауа температурасы $+32,5^{\circ}\text{C}$ болды, соңғы рет сол күні максималды температура 1975 жылы ($+31,0^{\circ}\text{C}$) байқалды, Құлсары метеостанциясында (Атырау облысы) термометр бағаны $+33,4^{\circ}\text{C}$ белгісіне жетті, бұл 1986 жылғы рекордты ($+31,8^{\circ}\text{C}$) жаңартты, 2 мамыр күні дәл осы станцияда ең жоғары ауа температурасы $+32,4^{\circ}\text{C}$ болды, осылайша 1970 жылғы ауа температурасы $+32,2^{\circ}\text{C}$ құраған рекордынан асты, Тайпак метеостанциясында (Батыс Қазақстан облысы) термометр бағаны $+32,2^{\circ}\text{C}$ белгісіне жетті, осылайша 1970 жылғы рекорд ($+31,4^{\circ}\text{C}$) жаңартылды. 11 мамырда Баянауыл метеостанциясында (Павлодар облысы) ең жоғары ауа температурасы $+31,3^{\circ}\text{C}$ тіркелді, осылайша 1976 жылғы рекорд ($+30,0^{\circ}\text{C}$) жаңартылды, Жарық метеостанциясында (Қарағанды облысы) максималды ауа температурасы $+29,6^{\circ}\text{C}$ болды, соңғы рет сол күні максималды температура 1991 жылы ($+29,0^{\circ}\text{C}$) байқалды, Қызылорда метеостанциясында (Қызылорда облысы) термометр бағаны $+35,6^{\circ}\text{C}$ белгісіне жетті, бұл 2019 жылғы рекордты ($+34,7^{\circ}\text{C}$) жаңартты, 27 мамыр күні Ақтау метеостанциясында (Маңғыстау облысы) ең жоғары ауа температурасы $+36,2^{\circ}\text{C}$ болды, осылайша 2000 жылғы ауа температурасы $+34,0^{\circ}\text{C}$ құраған рекордынан асты, 30 мамыр күні Қостанай метеостанциясында (Қостанай облысы) термометр бағаны $+34,9^{\circ}\text{C}$ белгісіне жетті, осылайша 2021 жылғы рекорд ($+34,5^{\circ}\text{C}$) жаңартылды.

Мамыр айының басында еліміздің солтүстік, орталық, шығыс және оңтүстік аймақтарына ауа температурасының төмендеуі мен үсікке алып келген Шығыс Сібір ауданынан салқын ауа массалары жетті. Рекордтарға тоқталатын болсақ: 2 мамырда түнгі уақытта Ақтоғай метеостанциясында (Қарағанды облысы) ауаның ең төменгі температурасы $-6,8^{\circ}\text{C}$ құрады, осылайша 1969 жылғы рекорд ($-5,0^{\circ}\text{C}$) жаңартылды, 3 мамырда осы метеостанцияда термометр бағаны $-7,8^{\circ}\text{C}$ белгісіне жетті, соңғы рет сол күні абсолютті минимум 2002 жылы $-3,7^{\circ}\text{C}$ құрады, Риддер метеостанциясында (Шығыс Қазақстан облысы) ауа температурасының рекордтық көрсеткіші $-5,2^{\circ}\text{C}$ белгісіне жетті, бұл 1985 жылғы рекордты ($-4,5^{\circ}\text{C}$) жаңартты, 4 мамырда Ақтоғай метеостанциясында (Қарағанды облысы) ауаның ең төменгі температурасы -8°C болды, осылайша 1997 жылғы ауа температурасы $-5,1^{\circ}\text{C}$ болған кездегі рекордтан асты. 5 мамырда Тараз метеостанциясында (Жамбыл облысы) термометр бағаны $-1,1^{\circ}\text{C}$ белгісіне жетті, соңғы рет сол күні абсолютті минимум 1998 жылы $+0,5^{\circ}\text{C}$ құрады.

Одан бөлек еліміздің оңтүстік-шығысында күшті жел байқалды. Мысалы, Достық АМС-да (автоматты метеорологиялық станция) 1 мамырда дауылды

жел (екпіні 42 м/с), 2 мамыр күні өте күшті жел (екпіні 33 м/с), 3 мамыр күні – екпіні 31 м/с болатын жел байқалды.

Температуралық рекордтардан басқа мамыр айында жауын-шашыннан да рекордтар болды, жекелеген станцияларда жауын-шашын бір тәулікте айлық нормадан көп жауды: Қазалы метеостанциясында (Қызылорда облысы) 16 мамырда бір айлық нормасы 14 мм болған жағдайда 17 мм жауын-шашын жауды, Тасты метеостанциясында (Түркістан облысы) 17 мамырда 18 мм жауын-шашын жауды (бір айлық нормасы 17 мм), Жаланашкөл метеостанциясында (Жетісу облысы) 22 мамырда бір айлық норма 8 мм болған жағдайда бір тәулікте 10 мм жауын-шашын жауды.

Астана қаласында 2023 жылғы мамыр айында метеорологиялық бақылаулар деректері бойынша ең төменгі ауа температурасы 3 мамырда түнгі уақытта - 2,0°C құрады, ең жоғары ауа температурасы 31 мамырда +33,1°C болды.

Бір айда жауған жауын-шашын 0,6 мм (норма 33 мм) болды, бұл норманың 2%-ын құрады.